# Әлеуметтік қорғалмаған оқитындарға және аз қамтылған отбасынан шыққан оқитындарға материалдық көмек көрсету туралы

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2009 жылғы 04 мамырдағы N 15/181 шешімі. Қарағанды облысы Жезқазған қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 мамырда N 8-2-83 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2010 жылғы 12 наурыздағы N 21/264 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 12.03.2010 N 21/264 шешімімен.

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес қалалық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Әлеуметтік қорғалмаған оқитындарға және аз қамтылған отбасынан шыққан оқитындарға материалдық көмек көрсетілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалу барысын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

Сессия төрағасы,
қалалық мәслихаттың
хатшысы Қ. Әбдіров

Келісілді:
Жезқазған қаласы еңбекпен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің
бастығы
Мырзаханов Бағлан Мырзаханұлы

4 мамыр 2009 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК